

«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы ЖШС

**Менгеруші жанындағы
кеңес хаттамалары**

«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 1 хаттамасы

03.09.2021 ж

Қатысқаны-7
Қатыспағаны-0

Күн тәртібі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың **ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ** Қазақстан халқына Жолдауымен таныстыру . 2021 жылғы 1 қыркүйек.
2. Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері №19 Қаулы 27.08.2021 Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзату туралы.«Ashyq» қосымшасын енгізу жобасымен жұмыс жүргізу туралы.
- 3.Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс шара бекіту
4. Топтық және жалпы ата-аналар жиналыстарды бекіту.
5. Тіл мерекесін ұйымдастыру туралы.
- 6.«Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша меңгерушісі А.Саржанов 2021-2022оқу жылымен құттықтады.Педагог қызметкерлерге жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ 2021 жылғы 1 қыркүйек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын таныстырып өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы мынадай мәселелерге арнады.

- I. ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
- II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ
- III. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ
- IV. ӨҢІРЛІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ
- V. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТИІМДІ ЭКОЖҮЙЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
- VI. САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ
- VII. ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӨРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім.келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады деп атап өтті

Олар

- 1.2022 жылдан бастап ең төменгі жалақы 60 мың теңгеге дейін көтеріледі.
- 2.Мұрағатшы,кітапханашы,көлік жүргізушілердің жалақысы жыл сайын 20% ға өседі.
- 3.Зейнетақының бір бөліні «Отбасы банкіне» аударуға рұқсат беріледі
- 4.2024жылы пилоттық режимде аудан әкімдерінің сайлауы өтеді.
- 5.Тұрғын үй бағдарламасы әзірленеді.
- 6.Медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек.
- 7.Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет.
- 8.Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.
- 9.Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.
- 10.Мемлекеттік қызметтер азаматтарға смартфоннан 100 пайыз қолжетімді болады деп нақты шешімдерін атап берді,

(Баяндама қоса тіркелді.)

Екінші сұрақ бойынша: Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері №19 Қаулы 27.08.2021 Түркістан облысың аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзату туралы.«Ashyq» қосымшасын енгізу жобасымен жұмыс жүргізу туралы.

Балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөз алды. Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері №19 Қаулы 27.08.2021 Түркістан облысың аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзату туралы.«Ashyq» қосымшасын енгізу жобасымен жұмыс жүргізу туралы. «Ashyq» қосымшасын енгізу педагогтарды, персоналды, ата-аналарды (заңды өкілдерді),балабақшаға келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу өтеді.«Ashyq» қосымшасы арқылы, оның ішінде басқа платформалар (мысалы, EGOV mobile, Aitu,Kaspi.kz, Halyk Bank, Sberbank.kz, сайт www.ashyq.kz платформасындағы аналог) арқылы тіркелу кезінде кіруге рұқсат етуді қамтамасыз етсін.балабақшада респираторлық инфекция белгілері бар адамдарға (жөтел, мұрынның бітелуі, дене температурасы

37 градустан жоғары);

- COVID-19-ға қарсы вакцинациясы жоқ педагогтар мен персоналға (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда) кіруге рұқсат етілмейді. Карантинді енгізуге сараланған тәсілді:

Түстерде бұл мәртебесі мен мекеменің жауапты маманы қызмет көрсетеді. Сәзді кіргізеді немесе мекемеге кіруге жол бермейді. -QR-код бойынша тіркеу кезінде «сары» және «қызыл» мәртебесі бар адамдарға («Пт-зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы» және «COVID-19 бақылау орталығы» ақпараттық жүйелерінде тіркелген, COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар, «инфекция жұқтырған» мәртебесі бар пациент ретінде немесе COVID-19-бен ауыратын пациентпен байланыс ретінде;

«Көк «түсті мәртебе ПТР міндеті болатын орындарда басқа жерлерге қозғалыс шектеу қойылмайды.

«Жасыл» түс мәртебеге қозғалысқа шектеу қойылмайды. Карантинді енгізуге сараланған тәсілді:

COVID-19 ауруының 1 жағдайы тіркелген кезде –топта 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жататынын түсіндірді. **(Баяндама қоса тіркелді**

Үшінші сұрақ бойынша :Тәулелсіздің 30 жылдығына іс-шара жоспары мен таныстырды. Балабақша ән жетекшісі Б.Байтемирова

Төртінші сұрақ бойынша Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөз алды: Ия, жаңа сәби тап – таза ақ парақ секілді.

Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата –анаға байланысты.

Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып.

Баланы тәрбиелеудегі мақсатымыз оны жан –жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру.

Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні бар. Өйткені тәрбиелі ұрпақ ата-ананың мақтанышы . елдің ертеңі. Ата-аналармен біріге отырып балалардың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалыққа үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке бастап, тәлім-тәрбие беру.

Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысында дәстүр бойынша балабақша мақсаттарымен таныстырып , ата-аналар комитетін сайлау, ата-аналармен қарым қатынас орнатуда қызықты сұрақтар қойып доп беру арқылы жауап алу, сонымен бірге медбикенің тазалық жөнінде кеңестері жоспарланған. Жауапкершілікпен өткізейік.

Бесінші сұрақ бойынша: Балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөйледі

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 2 хаттамасы**

15.11.2021 ж

Қатысқаны-6

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде.

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тіл мерекесі мен Алтын күз мерекесін талдау.
3. «Математикалық ұғымдар, заттардың санын, ретін, көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету және жоспарлау» тақырыптық тексеру қорытындысы
- 4.«Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекелерінің сценарийлерін бекіту

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалу нәтижесіне балбақша әдіскері Л.Басынбекова тоқталып өтті.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру кезінде анықталған кемшілік айтылған мерзімде орындалғанын, ойын құралдары, қимылды ойын атрибуттары бала санына толықтырылғанын,табиғат бұрышында гүлдер көбейтіліп, балаларға күтім жасап жатқанын айтып өтті.

Тіл апталығы бойынша 5қазан күндері тәрбиешілер тәрбие сағатына тоқталып өтті.

Сонымен бірге әдіскер Л.Басынбекова үлгілік бағдарламаға сай оқу қызметтерін ортақ тақырыпқа негіздеп жазу керектігіне тоқталды. Топта апталық тақырып бойынша жазылып жатқанын тәрбиешілер айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі «Жомарт екен күз деген » мерекесінің өтілуіне тоқталып өтті. «Бәйтерек» ересек тобы балалары белсенді қатысып әнді сазында орындады, сахналау кезінде балалар рөлге еніп орындағанын айтып, ортаңғы топта ертеңгілік өз мақсатына жеткенін айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі Кулшанбаева Н ортаңғы топ «Күншауақ» тобы қырман жасалып, сабан той ретінде өткізілгенін жаңаша леп алып келгенін айтып ортаңғы тобындағы ертеңгіліктің өтілуі «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Ертеңгілік бала жасына сай балалар көтеріңкі көңіл күмен қатысты ертеңгілік мақсаты орындалғаны туралы балабақша әдіскері айтып өтті.Балбақшада «Алтын күз» мерекесінің өтілуі «жақсы » деп бағалауды ұсынды.

Ұжым толық кемісін білдірді.

«Математикалық ұғымдар, заттардың санын, ретін, көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету және жоспарлау» тақырыптық тексеру қорытындысы

Тобы: «Бәйтерек » ересек тобы

Бала саны-25 . Күні 15.11.2021ж.

Тәрбиеші: А.Омарова педагогикалық өтілі -7 жыл

Жылдық жоспардың оқу - тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде жоспарланған «Математикалық ұғымдар, заттардың санын, ретін, көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету және жоспарлау» тақырыбында жүргізілген тақырыпты тексеруде анықталғаны.

«Математикалық негізі» білім бөлімі базистік оқу жоспарына сәйкес аптасына 1 рет сәрсенбі күні жоспарланған. Балаларды математикалық қатынаспен таныстыру үшін көрнекіліктер, үлестірімелі материалдар жасалған. Сан мен есеп: 5-ке дейін санап, есептеуге арналған материалдар, логикалық – математикалық ойлауын дамытуға кеңістік, пішін, көлем, уақыт туралы негізгі математикалық қабілеттерін дамытуға арналған материалдар бар. Геометриялық пішіндер (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) ұстап көруге, сипап-сезуге және көру үшін дайындалған көрнекіліктер бар. Өлшем бірлігін ажыратуға (ұзындық, ені, биік, аласа, жуан, жіңішке) беттестіру, салыстыруға арналған жолақшалар, ленталар, шаршылар, жуандықтары әртүрлі жалаушалар, 3 бөлімнен, 2 бөлімнен тұратын карточкалар бар. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу қызметінде заттардың санын цифрмен сәйкестендіруге, геометриялық пішіндерді, заттардың орналасқан орныны сөзбен айтуға балаларды үйретті. Балалар ағаштағы алмалар мен алмұрттарды сәйкес келетін цифрға бағыттап сызды. Жолақтарға цифрларға сәйкес келетін фигуралар салып шығуды тәрбиеші тапсырды. Айналадағы заттарың сұлбасын қандай геометриялық пішіндерге ұқсайтыныны сұрады. Сандарды реті бойынша санай білді, ал цифрларды балалар танымай жатты. Балалар оң мен сол қолды ажырата алмады. Топтағы балалардың кейбірі геометриялық пішіндерді тани алмады. Заттармен цифрларды сәйкестендіргенде де балалар қателіктер жіберді.

Ұсыныстар: Үлкендігі бірдей 25 үшбұрыш, 25 төртбұрыш, 25 шеңбер (үлестірімелі материал), түрлі-түсті таяқшалар (үлестірімелі материалдар) толықтырылсын. Балаларға цифрлар таныстырылып, цифрларға сай ойын жоспарлансын. Балаларға оң мен сол қолды ажырату үйретілсін.

«Тәуелсіздік күні» мерекесі ертеңгілігі сценариімен тәрбиеші Б.Байтемирова таныстырып өтті. Ертеңгілік ән, такпақтар, сахналау жобаланғанын ертеңгілік мақсаты балаларға патриоттық тәрбие беру, отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеу екенін айтып өтті. Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тіл мерекесі мен Алтын күз мерекесінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Үлестірмелі материалдар толықтырылсын.
4. Тәуелсіздік мерекесі мен жаңа жыл ертеңгілік сценарилері бекітілсін. Тәуелсіздік мерекесі 15.12.2021 жылы, жаңа жыл мерекесі 27 күндері өткізілсін.

Жиналыс төрағасы

Хатшы:

Бас



А.Саржанов

Л.Басынбекова

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы**

12.01.2022 ж

Қатысқаны-8

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде.

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күнін талдау
- 3 « Кіші жастағы балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жұмысты бақылау жүргізу» туралы

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөз алды.

Балабақшада ата –аналардың ықылас,ынтасын аударып, қарым –қатынасты күшейтуіміз қажет. Ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ізденуді тапсырамын. Тәрбиеші әрбір сабақты, ойынды ұйымдастыра отырып, баланың қимыл –қозғалысын белсенді дамыта отырып, жан –жақты дамуына зейін аударып, тұрақты ұстап тұратындай тіл байлығымен, біліктілігімен, көрнекіліктілігімен өткізу керек. Соның ішінде балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстары ең басты мәселе. Ең қарапайым түрлері ең бірінші қол жуу, тіс жуу, ауыз шаю, дұрыс тамақтану, тыныға білуге үйретіп, дағдыларын қалыптастыра отырып, балаларды өзінің денсаулығына ұқыптылықпен қарауға үйретеміз, дағдыларын қалыптатыра отырып, балаларды өзінің денсаулығына ұқыптылықпен қарауға үйретеміз. Ол балабақшамызда балалардың өмірін ұйымдастыруда апталық жоспарда жоспарланып өткізілуде. Менің айтарым осы жоспардағы элементтерді күнделікті өз уақытында, күн тәртібі бойынша өткізу тиіс және де бұл жұмыстардың орындалуын әдіскерге тапсырып, оған бағалар ендіруі қажет, қадағалауға алынсын.

2.Тыңдалды

Ортаңғы топ тәрбиешісі Кулшанбаева Наргиза сөз алды: «Куншуак» ортаңғы тобында «Жайна менің Қазақстаным» атты ұйымдастырылған оқу қызметіне ендім. Балалардың ойын қозғау ретінде еліміздің ән ұраны орындалды. Елбасымызбен рәміздер туралы жақсы әңгіме болды. Рәміздерде не бейленгені жайлы балалардан жауап алды. Мерекенің маңызына тоқталды, түсінік берді. Жаңа жылдық мерекесін карантиндік режиміне індеттен таралуына байланысты өткізілмеді.

3.Тыңдалды:Балабақша әдіскері Л.Басынбекова баяндады.

2021-2022 оқу жылы қаңтар айында өткізілген жылдық жоспар бойынша бақылау мен басқару кестесі бойынша «Қошақан» кіші топта «Кіші жастағы балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жұмысқы бақылау жүргізу» тақырыптық тексеру қорытындысы. Тобы: «Қошақан» кіші тобы

Күні 11.01.2022ж.

Тәрбиеші: Эшматова Д педагогикалық өтілі - 7

Кіші жастағы балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жұмысқы бақылау жүргізу.

Балабақшада ұсақ саусақ моторикасын бақылау - Балабақшада саусақ ойыны – бұл үлкен мәні бар ойын түрі. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Бұл ойын арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтынынын көрдік. Саусақ ойыны балабақшада әсерлі, көңілді түрде ұйымдастырылған . Бақылау барысында тәрбиешілер алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтатындығын байқадым. Мысалы, «Моншак».

Қызыл-сары көк моншак.

Мен жасаймын көп моншак.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншак тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы бала саусақтарынын

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 4 хаттамасы**

01.03.2022 ж

Қатысқаны-7

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы

1. 8-наурыз, Жыл басы Наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.

3. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді талдау » тақырыптық тексеру қорытындысы

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балбақша меңгерушісі У.Бектыбаева тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу қызметінде үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты.

2.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша ән жетекшісі З.Алданбаева сөз алды:

« 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысқысы келіп тұрады. Біз залды мерекеге түймедақтармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінейік дедік.

Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік.

Ортаңғы «Күншуақ » тобының тәрбиешісі Н.Кулшанбаева сөз алды. Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Ана –ең асыл жан» деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, тосын сиға «Көктем» келіп құттықтап, бірге ән салады, би билейді, ата –аналармен «кір жуу» ойынын ойнаймыз. Орыс биі, «Жаяу» әні, тақпақтарымыз бар –деді.

Басқа топ тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балабақша меңгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, 5-наурыз айының өткізу тапсырып, бекітті.

3.Тыңдалды:

ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылы наурыз айында өткізілген жылдық жоспар бойынша бақылау мен басқару кестесі бойынша «Бәйтерек» ересек топта «Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді талдау» тақырыптық тексеру қорытындысы. АнықтамаТобы: «Бәйтерек» ересек тобы

Күні 18.03.2022ж. Тәрбиеші: Б.Байтемирова педагогикалық өтілі -8 жыл
Тексеру барысында дене шынықтыру оқу қызметін ұйымдастыру және өткізу, таңертеңгі гимнастика барлық жас топтарында дене шынықтыру бойынша шынықтыру іс-шараларын өткізу қаралды.

Дене шынықтыру бойынша оқу қызметі жақсы деңгейде жүргізілді: құрылымдық бөлімдері оқу қызметі түріне сәйкес келді, қозғалыстармен физикалық қасиеттерді дамыту бойынша барлық бағдарламалық материалдарды кешенді іріктеу жүзеге асырылады. Тәрбиеші дене шынықтыру дайындығын ескере отырып, балаларға сараланған көзқарас қамтамасыз етті; дене жүктемесін артыруда арнайы тәсілдерді қолданды; балалардың басқа режимдік сәттерінде еркін қозғалыс сәттері үшін уақыт бөлді. Топта күнделікті дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары өткізілді. Таңертегі гимнастика, ұйқыдан кейінгі гимнастика, серуендегі қозғалмалы ойындар, топтағы қозғалмалы ойындар, аптасына 3 рет дене шынықтыру оқу қызметтері, серуендеу тәртібі сақталған.

Топта шынығудың нәзік түрлері: жалаң аяқ түйме іздерін басу, ұйқыдан кейінгі және оған дейінгі ауа ванналары, бір-біріне массаж жасау. Таңертеңгі гимнастика талапқа сай затпен және затсыз жобаланған. Балалар қатарға тұру, атрибуттарды алу, қайта жинау, бір-біріне кедергі келтірмеу дағдыларын меңгерген. Тәрбиеші физикалық және саптық жаттығуларды таңдауда; әртүрлі атрибуттар мен дыбыстық сүйемелдеуді пайдаланды. «Денсаулық» білім саласының мақсатын жақсы біледі. Күн бойы балалардың қозғалыс тәртібін сауатты жоспарлап, ұйымдастырды. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға шебер басшылық етті. топтағы серуен талапқа сай жобаланған. Серуен бөлімдері сақталған. Қимылды ойындардың әртүрлілігі сақталған. Қимылды ойындар картотекасы жасалған. Сергіту жаттығулары, ояту жаттығуларының картотекасы жасалмаған. Топта дәстүрден тыс құралдармен жұмыстар аз жобаланған. Балалармен үстел үстінде жұмыс істеу кезінде дұрыс отыруын бақылау үнемі болмады. Оқу қызметтерінде тәрбиешілер көзге арналған жаттығулар қолданылмады.

Дамытушы кеңістік ортаны талдау.

Тәрбиеші пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруда жақсы күзіреттілікке ие. Топта керекті құралдар іріктелінген, педагогикалық мақсатқа сай орналастырылған. Топта секірумен ойнауға арналған атрибуттар жабдықталған. Дене шынықтыру бұрыштары (скалкалар, сакиналар, жалпақ шеңберлер, кегли, доптар, құм салынған қаптар, тепе-тедік жолдар) бар. топта гигиеналық шаралар үшін жағдай жасалған: тарақ, сүлгі ретімен ұсталады. Антисептиктер орнатылған, балалар қолдарын залалсыздандырып отырады. МДҰ талаптарына сай дамытушы заттық-кеңістік ортаны байыту жұмыстары жалғастыру қажет. Стандартты емес материалдан ойын жабдықтарын жасау қажеттілігі бар.

Топтағы психологиялық жайлылықты талдау. Топта балалар арасында жағымды қарым-қатынас орнаған, үлкенді сыйлау, достарымен келісу, ойын кезінде бір-бірін итермеу, ережеге бағыну дағдыларын меңгерген.

Ұсыныстар:

1. Ата-аналар үшін буклеттер, жаднамалар, папкалар әзірленсін, осы бағыттағы жұмысқа ата-аналар тартылсын.
2. Білім беру қызметін ұйымдастыру үшін стандартты емес жабдықтармен дамыту ортасы ұйымдастырылсын.

Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты әдіскер Л.Басынбекова
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерін жауапкершілікпен, қызықты, әсерлі етіп өткізу. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: әдіскер: Л.Басынбекова және тәрбиешілер.
3. Ертеңгілік 18 наурыз күндері өткізілсін. (карантин ережелерін сақтай қажет) Жауапты: әдіскер: Л.Басынбекова. Ән жетекші З.Алданбаева тәрбиешілер.
4. Тәрбиешінің кәсіби шеберлік деңгейі жақсы. Дене тәрбиесі бойынша жұмасты сапалы жоспарлады, білім беру кеңістігін сауатты құрды. «Бәйтерек» ересек тобында дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі «жақсы» деңгейде жүргізілді.

Жиналыс төрайымы:

У.Бектыбаева

Хатшы:

Басынбекова

Л.Басынбекова



**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№5 хаттамасы**

27.05.2022ж

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, Наурыз емеркесін талқылау
3. Серуен» бөлімінің тиімділігі мен ұйымдастырылуы» ағымдағы тексеру қорытындысы.»
4. Жазғы сауықтыру шараларды бекіту.

1.Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөз алды.Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, мерекелік мен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

Өткен мерекеде балалар туысқандырымен балабақша қызметкерлеріне әндер, сый, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ –өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

2.Тыңдалды:Екінші мәселе бойынша мерекелік іс –шара талқыланды. Тәрбиешілер өз ойларын білдіріп, өту деңгейіне баға берді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: А.Омарова

Ата –аналар осындай меркелер мен іс –шараларда тәрбиешілермен бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантты шыңдауға көмектескендей болады. Ата –аналармен қарым –қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ оң шешімін табуға әрекеттенеміз.

Тәрбиеші: Н.Кулшанбаева : Ия, аналар күніне арналған меркелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзінше әсерлі қызық болды. Кішкентай бүлдіршіндер өнерлерін салды. «Күншуақ» тобының «Әжетайым» әніне жасалған бөбектердің сахналық көріністеріне аналар мен әжелер де дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай –ақ, шуағын шашуда.

Меңгеруші У.Бектыбаева: Әрине мерекенің аты –мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл –күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлеуде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де зерек меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық.

Маған « » тобының ата –аналармен ойыны ұнады. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініс тапты.

3. 2021-2022 оқу жылы сәуір айында өткізілген жылдық жоспар бойынша бақылау мен басқару кестесі бойынша «Күншуақ» ортаңғы,кіші топта «Серуен» бөлімінің тиімділігі мен ұйымдастырылуы» ағымдағы тексеру қорытындысы.» шолу тексеру қорытындысы

Тобы: «Күншуақ» ортаңғы ,кіші топ Күні 15.04.2022 ж.

Тәрбиеші: Кулшанбаева Н

1.Топта серуен бөлімдері бағдарламаға, балабақшаның күн тәртібіне сай жоспарланған. Табиғатпен байланыс, серуендегі әңгімелерді ұйымдастыру, экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мақсатына негізделген. Бақылау жұмыстары жыл мезгіліне сай жобаланған. Ортаңғы топта бақылау тақырыптары: топырақты, күзгі ағаштарды, тастарды,судың, желдің бағытын анықтау т.с.с 2.Бақылау бойынша балалардың білімдері қанағаттанарлық. Еңбек бөлімі бойынша көбіне табиғаттағы еңбек, өзі-өзіне қызмет ету жобаланған. 3.Қимылды ойын: «Аралар мен аю», «Қасқырмен қақпан», «Арқан тартыс». 4.Ойындар маусымға сай, бала жасына сай жобаланған.

Кемшілігі: балалармен жобаланған еңбек, қимылды ойын тақырыптары жиі қайталанады. Топта еңбек құралдары балалар санына түгел дайындалмаған.

«Күншуақ» кіші топ. Тәрбиеші Эшматова Д

Серуен бөліміндегі бақылау бала жасына, маусымға сай жобаланған. Бақылау тақырыптары: желді, суды, жапырақты, күннің көзін, құстарды т.с.с.Еңбек түрлері жобаланған, балаларды еңбекке тәрбиелеу жұмыстары дұрыс алып барылды. Балаларға еңбектің адамға пайдасы жайлы айтылды.Қимылды ойындарда жобаланған. Баланың дене дамуының балабақшадағы негізгі ойын екенін тәрбиеші ескерген.

Кемшілігі: бақылау түрлері тез қайталанған нақты заттарға бақылау аз жобаланған, ойындарға атрибуттар жоқ.

Ұсыныс:Бақылау тақырыптары қайталанбасын. Қимылды ойын түрлері кеңейтілсін, атрибуттар бала санына сай толықтырылсын.Еңбек түрлерінің тақырыптары көбейтілсін.Серуен мазмұны өтілген оқу іс-қызметтеріне байланыстырыла жүйелі жобалансын.

4.Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева : Келесі мәселе жазғы сауықтыру шараларымен, жоспарлауымен педагогтарды таныстырып, кімге қандай

4. Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева :

Келесі мәселе жазғы сауықтыру шараларымен, жоспарлауымен педагогтарды таныстырып, кімге қандай жауапкершілік жүктелгенін атап өтті.

Балалар жазғы демалысты сезіну керек. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүйелі жүргізу қажет. Іс –шаралар түрлі ойындар, дидактикалық, музыкалық, зерттеу ойындары, спорттық жарыстар, жаттығулар енгізілді. Өткізілген іс –шара суреттерімен, құжаттарын өткізетіндігін айтты.

Шешім:

1. 8-наурыз, Наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.
2. Ортаңғы ,кіші топтарындағы өткізілген тақырыпты тексеру ұсыныстарының орындалуы қадағалансын. Жауапты: әдіскер Л.Басынбекова
3. Жазғы сауықтыру шаралары жүйелу, жауапкершілікпен өткізілсін. Жауапты: мейірбике А.Сайлаубаева

Жиналыс төрайымы

Хатшы:

Баа



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№6 хаттамасы**

**Қатысқаны-8
01.08.2022ж**

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңеске дайындық.
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде.
4. Жаңа оқу жылына дайындық

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жаз мезгілі –демалыс кезеңі. Балалардың бойлары өсіп, күнге қыздырынып, шомылып, серуендерге, ойынға көбірекуақыт бөлінді. Ыстық күннің астында қалмауы қадағаланды. Серуен кезінде бас киімде болуы, қайнатылған су беріп, тазалықтарына да көңіл бөлінді.

Сөйлегендер: Медбике А.Сайлаубаева : Жалпы жаз биыл өте ыстық болды, аптап ыстықтар көп болды. Балалардың денсаулығына, көңіл –күйіне, тазалығына мән бере оытырп, барлық сауықтыру, оқу тәрбие іс –шаралары өткізілді. Балаларға жазда көп ойнауға, сыртта көбірек таза ауамен серуендеуге көңіл бөлді. Ас –суы да қадағаланып жемістер, салаттармен тамақтану рационны толықтырылсын. «Сәлем,жаз!», «Ерте ,ерте,ертеде», асфальтқа сурет салу, эстафеталық жарыстар өтті. «Су патшалығы» сахналық қойылымы қызықты өтті.

2.Тыңдалды:

Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне дайындық туралы әдіскер Л.Басынбекова тоқталды. Балабақшамыздың жылдық мақсаты әлеумет және денсаулық саласы етіп алдық. Мақсаты: Әлеуметтік ортадағы жағымды мінез –құлықпен қарым –қатынасқа тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, құматтеуге тәрбиелеу және өзінің денсаулығына қарайтын, тірішілік іс –әрекетінің қауіпсіздік ережелерін сақтайтын тұлға тәрбиелеу, және мектепке дайындау.

3.Тыңдалды:

Келесі жөндеу жұмыстары жөнінде мәселеге балбақаша меңгерушісі У.Бектыбаева тоқталды. Балабақшада балаларға толық жағдай жасалу үшін әрине ең бірінші материалдық –техникалық базасы жатады. Балабақша көлемі, алаңы сай. Дегенмен,жылда ағымдағы жөндеулер жүргізіледі.қажетті жерлерді жөндеп, сылап, ақтап, сырлап шықтық.

Дегенмен, қажетті құралдардың сынықтарын түзеп, жаңа оқу жылына джайындап, толықтыраь түсуіміз қажет. Аулада, балабақша ғимаратында тазалық сақтайық. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік. Әрине бұған мед бике және кәсіподақ ұжымының төрайымы да

жауапты. Ұжымда жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ұйымдастырып, тиянақты етіп атқарып та жүр. Рахметімді айтамын, деді.

4.Тыңдалды:

Оқу жылына дайындық жөнінде де балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева біршама тапсырмалар беріп өтті. Оқу тәрбие жұмысын жүргізуде мемлекеттік стандарт талаптарының ережесіне сүйене отырып, сай жүргізуде көптеген дайындық, толықтырулар, әдістемелік көмек, құралдар, дидактикалық құралдар, атрибуттар, әдебиеттер, көркем сруеттер мен таспалар, ұнтаспалар қажет. Дамытушы орталарға арналған құрал – саймандар, ойыншықтар мен қағаз қаламдар қажет. Әрине оның бәрін бірден сатып алу мүмкін емес, дегенмен, жаңа оқу жылына толықтырулар енгізілуі керек. Балалар тізімін анықтап, кеткен балалардың орнына балалар топтауымыз керек. Кезекте тұрған ата –аналармен байланысып, жолдама, құжаттарын туралауыд тапсырамын. Алдағы жаңа оқу жылында да, ұйымдасқан түрде оқу тәрбие үдерісін жүргізуде ауызбіршілікпен жауапкершілік танытуларыңызды сұраймын.

Шешім:

1. №1 педагогикалық кеңеске тапсырма алған педагогтар жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: әдіскер: Л.Басынбекова
2. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталсын. Жауапты: меңгеруші У.Бектыбаева, ш\м А.Саржанов
3. Әрбір педагог өз міндетін жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: Педагогтар

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

**Әкімшілік жанындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы**

06.09.2022 ж

**Қатысқаны-8
Қатыспағаны-0**

Күн тәртібі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауымен таныстыру .01.09.2022 жылғы.
- 2.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру қорытындысы.
- 3.Балалардың даму деңгейінің бастапқы мониторингіне дайындық туралы.
- 4.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық

Бірінші сұрақ: Тындалды: Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөзге шықты.

Ол өз сөзінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «**ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҮТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ**» атты жолдауымен таныстырды.

Жолдау 2022 жылғы 01 қыркүйек күні жарияланған. Жолдауды оқып берді.

Ол өз сөзінде Жолдаудағы 5 бағдарға қысқаша тоқталып өтті.

Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат

Екінші бағдар. Нақты секторды дамыту

Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция.

Төртінші бағдар. Мемлекеттік басқару ісін қауға жаңғырту.

Бесінші бағдар. Заң және тәртіп.

Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтады.

Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз.

Әрине мемлекет басшысының жолдауын әрқашанда қолдаймыз, жұмыстар жүргіземіз деп жиналыс соңынан бір ауыздан шешім қабылданды.

Жолдау хаттамаға қоса тіркелді.

Екінші сұрақ:Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап б/б меңгерушісі У.Бектыбаева таныстырып өтті. Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен зерделесек, жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан-жақты азамат етіптәрбиелеу мәселесі қашан да халқымыздың басты арман мұраты болып келген.

Осыған орай, қоғамда білім беру және ғылым беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кәзіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда білім мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтерудің міндеті тұр. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманатына қиянат жасамауымыз қажет.

Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, әдемі, қауіпсіз де ыңғайлы болуын ескерту қажет. Жалпы топтарға тоқталсам бұрыштарды әле де толықтыра түсуді, мазмұндарын өзгертуді тапсырамын.

Дамытушы ортаға қажетті құралдарды әрине ата –аналардың көмегінсіз толықтыра лмаспыз. Бірақ балаға ойынға қажетті құралдар қызықты болу үшін де ойластыру керек. Үлестірмелі материалдарды көбейту, үстел үсті ойындарын шолып, қораптарға салу.

Балалар жұмысынан әдемі, көрме ұйымдастыру, ұжымдық жмыстарға тарту қажет. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтып, қимыл іс –әрекет етуге ықпал етуіміз керек. Үлкендермен құрдастармен қатынасқа түсіп, тіл байлығы, ой –өрісі артады. Қимылды ойындар атрибуттарын жаңартуды, толықтыруды тапсырамын. Табиғат бұрыштарына дәнді дақылдар жинақтап, гүлдерден гербарий жасауға қазір деген уақыты. Жыл бойына ізденіп, материалдар жинақтап, безендіру жұмыстарын аяқтауды тапсырамын.

Үшінші сұрақ: балабақша әдіскер Л.Басынбекова топ тәрбиешілеріне балалардың даму деңгейінің бастапқы мониторингін жасау керектігін және дайындық жасап орындау керектігін айтып өтті.

Төртінші сұрақ:Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша мейірбикесі А.Сайлаубаева сөз алды: Ия, жаңа сәби тап –таза ақ парак секілді.

Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата –анаға байланысты.

Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып.

Баланы тәрбиелеудегі мақсатымыз оны жан –жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру.

Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні бар. Өйткені тәрбиелі ұрпақ ата-ананың мақтанышы . елдің ертеңі. Ата-аналармен біріге отырып балалардың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалыққа үйрету, еңбек сүйгіштікке

тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке бастап, тәлім-тәрбие беру.

Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысында дәстүр бойынша балабақша мақсаттарымен таныстырып, ата-аналар комитетін сайлау, ата-аналармен қарым қатынас орнатуда қызықты сұрақтар қойып доп беру арқылы жауап алу, сонымен бірге медбикенің тазалық жөнінде кеңестері жоспарланған. Жауапкершілікпен өткізейік.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 01 қыркүйек Жолдауын ұжым арасында одан әрі насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Заттық дамытушы орталар мазмұны толықтырылсын. Жауапты: тәрбиешілер
3. Балалардың білім деңгейін көтеруіне жұмыстар жүргізілсін.
4. Жалпы ата-аналар жиналысы өткізілсін. Мерзімі: 09.09.2022ж
Жауапты: психолог Э. Атабаева мен мейірбике А. Сайлаубаева

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Баев



У. Бектыбаева

Л. Басынбекова

**Әкімшілік жанындағы кеңестің
№ 2 хаттамасы**

04.11.2022 ж

Қатысқаны-8
Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тіл мерекесі мен Алтын күз мерекесін талдау.
- 3 Жаңа жыл мерекелерінің сценарийлерін бекіту.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалу нәтижесіне балбақша әдіскері Л.Басынбекова тоқталып өтті.

«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру кезінде анықталған кемшілік айтылған мерзімде 05.09 .2022ж дейін орындалғанын, ойын құралдары, заттық дамытушы ортаны толықтыру, қимылды ойын атрибуттары бала санына толықтырылғанын, табиғат бұрышында гүлдер көбейтіліп, балаларға күтім жасап жатқанын айтып өтті.

Тіл апталығы бойынша 5қазан күндері тәрбиешілер тәрбие сағатына тоқталып өтті.

Сонымен бірге әдіскер Л.Басынбекова үлгілік бағдарламаға сай оқу қызметтерін ортақ тақырыпқа негіздеп жазу керектігіне тоқталды.

Топта апталық тақырып бойынша жазылып жатқанын тәрбиешілер айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі «Алтын күз» мерекесінің өтілуіне тоқталып өтті. Мад «Бәйтерек» тобы өте жақсы балалары белсенді қатысып әнді сазында орындады, сахналау кезінде балалар рөлге еніп орындағанын айтып, ортаңғы топта ертеңгілік өз мақсатына жеткенін айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі А.Омарова ортаңғы топ «Күншуақ» тобы жақсы дайындалған. «Күз аруы» сән үлгісі бойынша жарыстар өткерілді. Мерекелік бағдарламасы өте қызықты өтті. Күші топтың бүлдіршіндерінің билері өтте әсерлі болды.

Ертеңгілік бала жасына сай балалар көтеріңкі көңіл күмен қатысты ертеңгілік мақсаты орындалғаны туралы балабақша әдіскері айтып өтті.

Топтар арасында «Жомарт екен күз деген» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 1 орын-Күншуақ ,2 орын-Бәйтерек,3 орын-Балапан тобы иеленді.

Балбақшада «Алтын күз» мерекесінің өтілуі «жақсы » деп бағалауды ұсынды.Келген ата-аналар ризашылықтарын айып кетті.

Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен ән жетекшісі А.Омарова таныстырып өтті.Ертеңгілік ән, тақпақтар, сахналау жобаланғанын ертеңгілік мақсаты балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеу екенін айтып өтті. Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тіл мерекесі мен Алтын күз мерекесінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Жаңа жыл ертеңгілік сценарилері бекітілсін. Мерекелік ертеңгілік 28-29 желтоқсан күндері өткізілсін.
Ата-аналар іс-шараға қатысуына ықпал жасалсын.

Жиналыс төрайымы



У.Бектыбаева

Хатшы:

Бай

Л.Басынбекова

**Әкімшілік жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

Қатысқандар -9
Қатыспағаны-0

16.01.2023ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Тәуелсіздік күні, жаңа-жал мерекелерін талқылау.
- 3.Жарты жылдық мониторингі
- 4.Заттық -кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар.Баяндама

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өз ойын білдірді. «Педагог мәртебесі туралы» Заң-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыз №645 қаулысымен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өз ойын білдірді. Ол өз сөзінде жалпы ұжымға көп рахметімді айтқым келеді. Ертеңгіліктер жақсы дәрежеде өтті. Ата-аналар өте риза болды.

Балалардың костюмдері билері сәтті шыққан.

Сиқырлы сәттер де көп болды. Тәрбиешілеріміз алғыс білдіргім келеді деді.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөз алды.Таным саласына қажетті көрнекіліктер сапасы.Саны жөнінде өткен кеңесте шешіліп, нақты айтылған.

Сол айтылған кемшіліктердің біршамасы түзетіліп толықтырылды.

Ұжымдастырылған оқу қызметінде баланы ынталандырудағы бірден-бір мақсат көрнекілік үлестірмелі заттар сабақ пен ойынның мақсатына тәрбиеші саны қалай тиімді пайлану әдістерін ойластыру қажет,-деді.

Ал мемлекеттік стандарты меңгеру әрбіріміздің міндетіміз ол орындалуы керек.Әр салаға қатысты кіші саланы талдап терең түріне, ықыласпен оқуымыз қажет.

Тәрбиеші А.Омарова алды.

Шырша мерекесі туралы айтарым, зал безендірілуі топтардың безендірілуі өте жақсы болды.Ертеңгіліктер де өз дәрежесінде өтті деп ойлаймын. Сиқырға толы ойын эзілге толы сыйлықтарға толы жаңа жыл болды.Балалар, қонақтар дән риза.ата-аналар да қатысты деп ойын жеткерді.

Балабақша әдіскер Л.Басынбекова жалпы ұжым барлық қызметкерлері ұйымшылдықпен қызықты өткіздік.Барлық жағынан ұйымшылдық танытты.

Топтарды безендіру, көрнекі құралдар жасау, жоспар жазу мәдениеті, ата-аналармен жұмыс жүргізуі, ертеңгіліктер өткізілуінеде жақсы деген баға қойғым келіп отыр.

2022-2023 оқу жылының жарты жылдық аралық мониторингі туралы әдіскер Л.Басынбекова тоқталып өтті.

Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын
бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша

2022-2023 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Бәйтерек» ересек топ	25	5	16	4
2	«Күншуақ» ортаңғы топ	25	7	13	5
3	«Қошақан» кіші топ	25	5	16	4
	Барлығы	75	17	45	13
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 23 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 60%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 17%

Төртінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова таныстырып өтті.

«Заттық -кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар.Баяндама

Заттық- даму ортасын құру жұмыстың тиімділігін ғана емес, сонымен қатар баланың іс-әрекет жағдайында жеке тұлға ретінде толық дамуына мүмкіндік беретін жағдайлар жүйесін қарастырады. Мектепке дейінгі білім беру қызметін дамыту орталықтарында балалардың білім беру қызметінде меңгерген мазмұнын кеңейту, тереңдету және кең вариативті қолдану мүмкіндіктері қамтамасыз етілуі керек.

Топтарда сенсорика заттық-дамытушы ортасы балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға , олардың тәжірибесін келесі бағыттар бойынша байытуға бағытталған: танымдық-зерттеу қызметін дамыту, заттарды сипаттай отырып сөйлеуді дамыту, заттардың көлемін, түсін , пішінін дұрыс айтуға үйрету.Мұнда ағымдағы тақырып бойынша демонстрациялық материалдар, сондай-ақ өткен материалды бекіту, дамыту және дидактикалық ойындар ұсынылған.Математика негіздері танымдық орталығы мад топтарда қабілеттерді қалыптастыруға арналған бұрыш дайындау,толықтыру керек екенін айтып өтті.

Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Өткізілген мерекелер жақсы дәрежеде өтті деп бағалансын.
- 3.Балалардың білім деңгейін көтеруге жұмыла жұмыс жүргізілсін.
4. Дене шынықтыру ойын-сауығы, ата-аналармен біріккен дене шынықтыру іс –шаралары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Вектыбаева

Хатшы:

 Басынбекова Л

Әкімшілік жанындағы кеңестің
№ 4 хаттамасы

01.03.2023 ж

Қатысқаны-9

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
3. «Баланың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» тақырыпты тексеру.
4. «Кітап бұрышы» ата-аналармен акциясы ұйымдастыру туралы.

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім дағдыларының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балабақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу іс-әрекет үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты. Тәрбиеші ақпарат беруші, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденішу, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жанашыл болуы керек. Оқу тәрбие үрдісін жоспарлауда әр тәрбиешіден үлкен еңбек талап етіледі. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақшамызда осы талаптарға сай мамандарымыз қалай жұмыс жүргізуде, оны өткізіп жатқан іс –шаралар, ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерінен, мерекелік іс –шаралардан байқалады. Сон да, біз сапасын көп көңіл бөліп, толықтыра түсуіміз, ізденуіміз қажет деп ойлап, үлкен жауапкершілікке шақырамын» .

2.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша ән жетекшісі З.Алданбаева сөз алды: « 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысқысы келіп тұрады. Біз залды мерекеге түймедақтармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінейік дедік.

Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік. Мадт «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі Б.Байтемирова сөз алды. Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Ана—ең асыл жан» деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, тосын сиға «Көктем» келіп құттықтап, бірге ән салады, би билейді, ата—аналармен «Кір жуу» ойынын ойнаймыз. Орыс биі, «Жаяу» әні, тақпақтарымыз бар—деді. Басқа топ тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балбақша меңгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, 7-наурыз айының өткізу тапсырып, бекітті.

3. Тыңдалды: әдіскер Л.Басынбекова

ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының ақпан айында өткізілген жылдық жоспары бойынша бақылаумен басқару кестесі бойынша «Баланың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» тақырыпты тексерудың

17.02.2023 ж Анықтамасы

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес мад «Бәйтерек» тобында 16-17 ақпан күні тақырыпты тексеру жүргізілді. Бала саны-20.

Тәрбиеші: Б.Байтемирова

Топ балалары орыс тілінде еркін сөйлей алмайды. Балалардың танып, білсем деген қызығушылықтары тәрбиешіге көп сұрақ қойғыштықтарынан байқалып тұрды. Балалардың тілін дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі қолданылған. Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдай білді. Тәрбиеші қойған сұрақтарға дұрыс жауап берді. Алғашқы күз тақырыбындағы оқу қызметінде ғажайып сәт ұйымдастырылып топқа қоян келеді. Қоянның қойған сұрақтарын түсіне білді және топтағы 4-5 бала ғана жауап берді. Сөздерді байланыстырып сөйлегенде жұрнақ, жалғауларды дұрыс айтты. Оқу іс-әрекет барысында тәрбиеші қарапайым сұрақтар қойды «Бұл не?», «Жапырақтар», ауа райы қандай бала жауабына қарай сұрақтарды күрделендіре түсті «Қандай мезгіл?, Түсі қандай?», жаңа сөзін балалардың сөздік қорларына ендірі. Балалар топта ойыншықтармен ойнау барысында айналасындағы адамдардың көптеген әрекеттерін бейнелей алды және заттардың танып атын таныды. «Мен машинамен ойнаймын», «Қуыршақты жуындырамын» іс-әрекеттерін жоспарлай алды.

Достарымен қарым қатынас жасауда «Алуға рұқсат па?», «Рахмет», «Сәлеметсіз бе?» сөздерін қолдана бастаған. Болмайды, рұқсат сөздерін түсініп дұрыс әрекет жасай алды. Достарымен тіл табыса ойнап, кіші жас балаларын ренжітпеу керегін түсінеді.

Балалар қоршаған ортадағы заттарды жеке-жеке байланыстыра айта білді. Әр баланың жеке қабілеттеріне қарай сөздік қорлары бар. Байланыстырып сөйлеуі, сөзді тыңдап оны түсінуі, әңгімеге араласып өзіне қойылған сұрақтарғы жауап беріп, өзін қызықтырған сұрақтарды сұрай біледі. Топтағы кейбір балалар дауыссыз дыбыстарды дұрыс айталмайды.

Кемшілігі: Сөздерді байланыстырып сөйлеуде, өз ойын толық жеткізуде топ балаларының 30% шорқақтық танытты.

Жоғарыда айтылғандер негізінде «Бәйтерек» мад топ тәрбиешілеріне ұсынылды. Ұсыныс:

1. Балалардың былдыр сөздері мен дыбыстарға еліктеуі біртіндеп тілдік формаға ауыстырылсын.

2. Заттардың ерекше белгілеріне қарай жалпылап қоймай оларды атай білуге үйретілсін.

3. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйретілсін.

4. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау жұмыстары жүргізілсін.

Жауаптылар: Тәрбиешілер Б.Байтемирова. Орындау мерзімі: оқу жылы .

4 «Кітап бұрышы» ата-аналармен акциясы ұйымдастыру туралы.

Наурыз мерекесі қарсаңында мадт «Бәйтерек» тобы мен «Күншуақ» ортаңғы тобының ата-аналарымен акция ұйымдастыратын болып шешілді.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты әдіскер Л.Басынбекова

2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерін жауапкершілікпен, қызықты, әсерлі етіп өткізу. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: әдіскер: Л.Басынбекова. Ән жетекші З.Алданбаева тәрбиешілер.

3. Ертенгілік 7-наурыз, күндері өткізілсін.

Жауапты: әдіскер: Л.Басынбекова. Ән жетекші З.Алданбаева тәрбиешілер.

4. «Кітап бұрышы» ата-аналармен акциясы ұйымдастырылсын.

Жауапты: психолог Э.Атабаева мен тәрбиеші Б.Байтемирова, А.Омарова.

Жиналыс төрайымы  Бектыбаева

Хатшы:



 Л.Басынбекова.

**Әкімшілік жанындағы кеңестің
№5 хаттамасы**

25.04.2023ж

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, Наурыз меркесін талқылау.
3. 1 мамыр, 7-9 мамыр мерекелерін бекіту туралы.
4. Кіріс құжаттарын талқылау.

1.Тындалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөз алды.Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, мерекелік мен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

2.Тындалды:Екінші мәселе бойынша мерекелік іс –шара талқыланды.

Меңгеруші У.Бектыбаева сөз алды. Халықаралық әйелдер күніне арналған мереке жақсы өтті.Мерекелік эн-би ойындар, тақпақтар аналарымыз бен әжелерімізге жақсы көңіл күй сыйлады. Аналары балаларға дән ризашылығын білдірді.Жалпы мерекеге дайындық безендіру жұмыстары да көңіл толатындай көп рахмет.

Ал жыл басы Наурыз мерекесіне тоқталсақ.Өте жоғары дәрежеде өтті, жайма шуақ көктемнің күні далада ұлттық ою-өрнектер мен қол өнерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылған сайысқа ата-аналар да ұйымшылдықпен қатысты.Ал салт дәстүріміз ұлттық ойындар балалардың өнері тіптен жандандырып жібергендей болды.Балалар сахнаға еркін, батыл шығып, ата-аналар сүйсіне тамашалады.Ата-аналардың ішінде ақсақалдар әжелер ризашылығын айтып батасын берді.Ұжым тегіс ұлттық киім киген ауызбіршілікпен ынтымақтастығын көрсетті бәріңізге алғысымды білдіремін. Ертеңгілікті ұйымдастырушы тәрбиешілерге алғыс білдірді.

Әдіскер: Л.Басынбекова : Ия, аналар күніне арналған меркелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзінше әсерлі қызық болды.

Кішкентай бүлдіршіндер өнерлерін салды. «Күншуақ» тобының «Көрікті көктем аруы» байқауы өте жақсы өтті. сахналық көріністеріне аналар мен әжелер де дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай –ақ, шуағын шашуда. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініс тапты.

Мерекенің аты –мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл – күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлеуде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де зерек меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық деп өзін аяқтады.

нына түгел дайындалмаған.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: Б.Байтемирова

Ата –аналар осындай меркелер мен іс –шараларда тәрбиешілермен бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантты шыңдауға көмектескендей болады. Ата –аналармен қарым –қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ оң шешімін табуға әрекеттенеміз деп өз ойларын білдірді.

Үшінші сұрақ бойынша ән жетекші З.Алданбаева сөз алды.

1 мамыр, 7-9 мамыр мерекелерін жоспарларымен таныстырды.

Топтардан жинақтап алынған концерттік бағдарламамен таныстырды.

Онда Отаң туралы әндер, билер, тақпақтар, әннің мәтініне қарай көрініс- билер бар. Бағдарлама бекітуге ұсынылды.

Әдіскер Л.Басынбекова жанымыздағы мекетеп мұражайына серуенге

балаларды апарып гүл шоқтарын қою керектігін айтып өтті. 4.Балабақша

меңгерушісі У.Бектыбаева : Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту

жұмыстарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүйелі жүргізу

қажетекені айтып өтті. Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1.Өткен шешеімнің орындалуы қанағаттанарлық .

2.8-наурыз, Наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.

3. 1 мамыр, 7-9 мамыр мерекелерін жоспарлары бекітілсін.

Мектеп мұражайына Мад тобының балаларын апарып таныстырылсын.

Жауапты: Байтемирова Б.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

Әкімшілік жанындағы кеңестің

№6 хаттамасы

30.06.2023ж

Қатысқаны-9
Қатыспағаны-0

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 1 мамыр, 9 мамыр мерекелерін талқылау
3. Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңеске дайындық.
4. Жөндеу жұмыстары жөнінде.

Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жаз мезгілі – демалыс кезеңі. Балалардың бойлары өсіп, күнге қыздырынып, шомылып, серуендерге, ойынға көбіреуақыт бөлінді. Ыстық күннің астында қалмауы қадағаланды. Серуен кезінде бас киімде болуы, қайнатылған су беріп, тазалықтарына да көңіл бөлінді.

Сөйлегендер: Медбике Ш.Бекжан : Жалпы жаз биыл өте ыстық болды, аптап ыстықтар көп болды. Балалардың денсаулығына, көңіл –күйіне, тазалығына мән бере оытырп, барлық сауықтыру, оқу тәрбие іс –шаралары өткізілді. Балаларға жазда көп ойнауға, сыртта көбірек таза ауамен серуендеуге көңіл бөлді. Ас –суы да қадағаланып жемістер, салаттармен тамақтану рационалы толықтырылсын. «Сәлем, жаз!», «Менің сүйіктіертегі кейіпкелерім», асфальтқа сурет салу, эстафеталық жарыстар өтті. «Доктор Айбалит» сахналық қойылымы қызықты өтті.

2.Тыңдалды:

Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне дайындық туралы әдіскер Л.Басынбекова тоқталды. Балабақшамыздың жылдық мақсаты денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеумет дағдыларды толық қамтып, ойын түрінде жоспарлау керек. Мақсаты: Әлеуметтік ортадағы жағымды мінез –құлықпен қарым –қатынасқа тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, құматтеуге тәрбиелеу және өзінің денсаулығына қарайтын, тірішілік іс –әрекетінің қауіпсіздік ережелерін сақтайтын тұлға тәрбиелеу, және мектепке дайындау.

Педагогикалық кеңестерде де осы дағдыларды кеңейтетін меңгеруге басым көпшілік көрмелер, іс –шаралар бағытталды.

Келесі №1 кеңесте «Адамгершілік нормалары туралы түсінік» атты баяндама жасалсын, «Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез –құлық дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында педагогтар пікір алмасамыз деді.

3.Тыңдалды:

Келесі жөндеу жұмыстары жөнінде мәселеге балабақаша меңгерушісі У.Бектыбаева тоқталды. Балабақшада балаларға толық жағдай жасалу үшін әрине ең бірінші материалдық –техникалық базасы жатады.

Балабақша көлемі, алаңы сай. Дегенмен, жылда ағымдағы жөндеулер жүргізіледі. қажетті жерлерді жөндеп, сылап, ақтап, сырлап шықтық. Дегенмен, қажетті құралдардың сынықтарын түзеп, жаңа оқу жылына джайындап, толықтыраы түсуіміз қажет. Аулада, балабақша ғимаратында тазалық сақтайық. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік. Әрине бұған мед бике және кәсіподақ ұжымының төрайымы да жауапты. Ұжымда жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ұйымдастырып, тиянақты етіп атқарып та жүр. Рахметімді айтамын, деді.

4. Тындалды:

Оқу жылына дайындық жөнінде де балабақша меңгерушісі У. Бектыбаева біршама тапсырмалар беріп өтті. Оқу тәрбие жұмысын жүргізуде мемлекеттік стандарт талаптарының ережесіне сүйене отырып, сай жүргізуде көптеген дайындық, толықтырулар, әдістемелік көмек, құралдар, дидактикалық құралдар, атрибуттар, әдебиеттер, көркем сруеттер мен таспалар, ұнтаспалар қажет. Дамытушы орталарға арналған құрал – саймандар, ойыншықтар мен қағаз қаламдар қажет. Әрине оның бәрін бірден сатып алу мүмкін емес, дегенмен, жаңа оқу жылына толықтырулар енгізілуі керек. Балалар тізімін анықтап, кеткен балалардың орнына балалар топтауымыз керек. Кезекте тұрған ата – аналармен байланысып, жолдама, құжаттарын туралауыд тапсырамын. Алдағы жаңа оқу жылында да, ұйымдасқан түрде оқу тәрбие үдерісін жүргізуде ауызбіршілікпен жауапкершілік танытуларыңызды сұраймын.

Шешім:

1. №1 педагогикалық кеңеске тапсырма алған педагогтар жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: әдіскер: Л. Басынбекова
2. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталсын. Жауапты: меңгеруші У. Бектыбаева, ш/м А. Саржанов
3. Әрбір педагог өз міндетін жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: педагогтар

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



У. Бектыбаева

Л. Басынбекова